

Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушыларды және жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдауды лицензиялау туралы тәртіпті бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 29 шілде N 714. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.28. N 544 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбы мен мәтіні өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен .

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж. , N 3-4, 37-құжат), "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушыларды және жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдауды лицензиялау туралы тәртіп бекітілсін. <*>

Ескерту. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 29 шілдедегі

N 714 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушыларды және жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдауды лицензиялау туралы

ТӘРТІП <*>

Ескерту. Тақырыбы мен мәтіні өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіппен қызметтің аталған түрін мемлекеттік реттеу, көліктік қызметтер көрсету рыногының жұмыс істеуін және оларды тұтынушылардың

мүдделерін қорғауды, айналадағы ортаны, азаматтардың меншігін, өмірін және денсаулығын қорғауды, көлік, лицензия, монополияға қарсы заңдардың сақталуын, экологиялық, санитарлық нормалардың және жол жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында темір жол көлігімен жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметті лицензиялауға байланысты қатынастар реттеледі.

2. Жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алушыға (лицензиатқа) лицензия беруді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (бұдан әрі - лицензиар) жүргізеді. <*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.07.17. N 794

қ а у л ы с ы м е н .

3. Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары, шетелдік заңды тұлғалар, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар және халықаралық ұйымдар лицензиялау субъектілері болып табылады.

4. Халықаралық тікелей және темір жолмен және республикаішілік қатынастарда жүктерді, қауіпті жүктерді (оның ішінде транзиттік және экспорттық-импорттық) тасымалдау; халықаралық, тікелей, жергілікті және қала маңындағы қатынас түрлерінде жолаушыларды (оның ішінде транзиттік) тасымалдау; қауіпті жүктерді тасымалдау лицензиялауға жатады.

2. Лицензия берудің шарты мен тәртібі

5. Осы Тәртіппен белгіленген, қойылатын талаптарға біліктілік деңгейі сәйкес келетін барлық тұлғалар үшін тең негіздер мен шарттарда лицензиар лицензия беруді жүзеге асырады .

Шетелдік заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар өздері салық есебіне алынған соң, егер заңдарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларына арналған шарттар мен тәртіпте л и ц е н з и я а л а д ы .

Лицензияны басқа тұлғаға беруге тыйым салынған, көлік құралдарын сенімгерлік басқаруға немесе лицензияны мүліктік жалға тапсырған кезде осы құралдарды қабылдау - өткізу актісі ұсынылған соң, жалпы негізде, сенім білдірілген тұлғаға немесе жалдаушыға лицензия беріледі.

Заңды және жеке тұлғалар бір мезгілде темір жол көлігіндегі лицензияланатын қызметтің бірнеше түріне лицензиясы болуы мүмкін.

6. Лицензиялар қызметтің мынадай түрлеріне беріледі:
жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға;
қауіпті жүктерді тасымалдауға.

Лицензиялар мынадай белгілермен белгіленеді:

жүктерді тасымалдауға - "Жүк";
жолаушыларды тасымалдауға - "Ж";
жүктер мен жолаушыларды тасымалдауға - "ЖүкЖ";
қауіпті жүктерді тасымалдауға (қауіпті жүктің түрі көрсетіледі) - "ҚЖ".

Лицензияда, сондай-ақ оның қызметінің аумақтық саласы көрсетіледі:

і ш к і т а с ы м а л д а р ;
ауданаралық (қалааралық) тасымалдар;
о б л ы с а р а л ы қ т а с ы м а л д а р ;
х а л ы қ а р а л ы қ т а с ы м а л д а р .

Қолданылу мерзіміне және қызмет көлеміне қарай лицензиялардың мынадай түрлері болуы мүмкін:

басты - мерзімі шектелмей берілетін белгілі бір қызмет түрімен айналысуға;
бір жолғы - рұқсат етілген көлем, салмақ немесе сан шегінде белгілі бір шаруашылық операцияны жасауға.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.12.31. N 1450 қаулысымен .

7. Лицензия және есеп құжаттарының бланкілері қатаң есептегі, есеп сериясы мен нөмірі бар құжаттар болып табылады.

Лицензиялық құжаттардың әзірленуін, есебі мен сақталуын қамтамасыз ету лицензиарға жүктеледі.

8. Заңды және жеке тұлғалар лицензия алу үшін лицензиарға мынадай құжаттарды тапсырады;

белгіленген үлгідегі өтініш;
белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығы үшін алым енгізілгенін растайтын құжат;

заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;
жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат;
лицензиаттың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;
тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисі. <*>

Ескерту. 8-тармақ абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.21. N 1165 қаулысымен , өзгеріс енгізілді - 2004.12.31. N 1450 қаулысымен .

9. Лицензиар ұсынылған мәліметтің дұрыстығына тексеру жүргізуге құқылы.

10. Темір жол көлігімен жолаушыларды және жүктерді (қауіпті жүктерді) тасымалдауға пайдаланылатын жылжымалы құрам Қазақстан Республикасының темір жол көлігінде қолданылып жүрген техникалық талаптар мен ережелерге сәйкес болуы тиіс, ал халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде - Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық

келісімдердің және аумағы бойынша тасымалдау жүзеге асырылатын елдердің талаптары мен ережелеріне сәйкес болуы тиіс.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен , 2004.12.31. N 1450 қаулысымен .

11. Лицензия беру немесе одан бас тарту туралы шешім барлық қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қ а б ы л д а н а д ы .

Өтініш етушіге лицензия беруден бас тарту кезінде лицензия беру үшін белгіленген мерзімдерде жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.

Лицензиялық алымның мөлшері мен оны төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен анықталады.<*>

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қ а у л ы с ы м е н .

12. Лицензияны жоғалтқан кезде лицензиат көшірмесін алуға құқылы. Лицензиар лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша он күннің ішінде лицензияның көшірмесін беруді жүргізеді. Бұл ретте лицензиат лицензиялық а л ы м т ө л е й д і .

Лицензиясы бар жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, ол көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бір ай мерзімде осы туралы лицензиарға жазбаша хабарлауға міндетті.

Заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері (егер ол лицензияда көрсетілсе) өзгерген жағдайда, ол көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бір айдың ішінде лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш б е р у г е м і н д е т т і .

Лицензиар лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап 10 күннің ішінде лицензияны қайта ресімдейді. Бұл ретте лицензиат лицензиялық алым т ө л е й д і .

Лицензияны қайта ресімдеу және көрсетілген құжатты беру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде а л ы м т ө л е н е д і .

Заңды тұлғаны қайта тіркеген кезде лицензия қолданылу мерзімі аяқталғанға д е й і н к ү ш і н с а қ т а й д ы .

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қ а у л ы с ы м е н .

13. Лицензия иесі лицензия алған күннен бастап осы тасымалдау қызметін жүзеге асыруға құқық алады.

3. Жауапкершілік және бақылау

14. Тиісті лицензиясы болмай немесе лицензиялық нормалар мен ережелерді бұза отырып темір жол көлігінде жүктер мен жолаушыларды тасымалдау

бойынша қызметті жүзеге асыру - заңдармен белгіленген әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады.

15. Лицензия иесі:

көліктік қызмет көрсетуде қоғамның, қоршаған ортаның қауіпсіздігін, азаматтардың өмірі мен денсаулығын, сондай-ақ жұмыстар мен қызмет көрсетуде сапа кепілдігін, тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін шарттарды сақтауға;

Қазақстан Республикасының көліктік, салықтық және монополияға қарсы заңдарының талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың ережелерін сақтауға;

міндетті сақтандыру түрлерін қамтамасыз етуге;
өз қызметін лицензияда көзделген шарттарға қатаң сәйкестікте жүзеге асыруға;

лицензиардың талап етуімен лицензияланатын қызмет туралы мәліметтер беруге, лицензиарға осы қызметке бақылау жасауға қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензиарды хабардар етуге міндетті.

16. Лицензия күшін тоқтатуға немесе тоқтата тұруға байланысты даулар заңдарда белгіленген тәртіппен шешіледі.

17. Лицензиат ақиқат емес мәлімет бергені үшін заңдарда белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылады.

18. Лицензиялық ережелер мен шарттардың сақталуына бақылау жасаудың тәртібін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті белгілейді. <*>

Лицензиар және оның лауазымды тұлғалары лицензиялау туралы заңнаманы бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заң кесімдерімен белгіленген жауапкершілікте болады.<*>

Ескерту. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен .

Ескерту. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.07.17. N 794 қаулысымен .

4. Жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау бойынша лицензияланатын қызметпен айналысатын субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

19. Жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді темір жол көлігімен тасымалдаумен айналысатын субъектілер мынадай біліктілік талаптарына сай болуы тиіс:

штатты өтініш етілген қызмет түріне аттестатталған мамандармен жинақтауды қамтамасыз ету (мамандар тізбесін, аттестация жүргізу тәртібін және қажетті білім көлемін лицензиар белгілейді);<*>

лицензиялық қызметті жүзеге асыру үшін жылжымалы құрамның жарамдылығы туралы санитарлық және өрт қадағалау органдарының қорытындыларының болуы;

өтініш етушінің өндірістік базасы тасымалдау процесі мен экология қауіпсіздігі талаптарына жауап беруі тиіс;

тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисі болуы. <*>

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095

қаулысымен .

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді- ҚР Үкіметінің 2003.11.21. N 1165

қаулысымен .